

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер министрлігі аумақтық органдарының күзетілетін банк мекемелеріне жасалатын қарақшылық шабуылдарды тойтаруда өзара іс-қимыл жасау тәртібі жөніндегі НҰСҚАУ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы ІІМ және МТК-і 1996 жылғы 2 мамырдағы N 155/83 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 қазанда тіркелді. Тіркеу N 215. Күші жойылды - ҚР Ішкі Істер Министрлігінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 713 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 қазанда N 215 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының күзетілетін банк мекемелеріне жасалатын қарақшылық шабуылдарды тойтару жөніндегі өзара іс-қимыл жасасу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1996 жылғы 2 мамырдағы N 155/83...

Министрдің міндетін атқарушы
полиция генерал-лейтенанты

І І М	ж ә н е	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
1 9 9 6	ж ы л ғ ы	М Т К	
N	1 5 5 / 8 3	2	м а м ы р д а ғ ы
		б ұ й р ы ғ ы н а	
N 1	қ о с ы м ш а		

1. Жалпы ережелер

1. Бұл нұсқау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті мен Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі ІІМ және МТК органдары) аумақтық органдарының күзетілетін банк мекемелеріне жасалатын қарақшылық шабуылдарға тойтарыс жасауды бірлесе ұйымдастыру мәселелерін ведомствоаралық реттеуді мақсат ет е д і .

2. ІІМ және МТК органдарының өзара іс-қимыл жасауы заңдылықтарды,

жоғары жауапкершілікті, қызмет жөніндегі мәліметтердің қатаң құпиялылығын сақтау, ортақ мүддеге жұмылдырылған тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету принциптері бойынша құрылады.

2. Объектіні қорғау жоспарын әзірлеу тәртібі және оның құрамдас бөлімдері

3. Қызмет ету территориясында орналасқан күзетілетін банк мекемелеріне қарақшылық шабуыл жасалыну жағдайына ІІМ және МТК органдары сол объектілерді қорғау бойынша жоспарлар жасайды. Аталған жоспарлар ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде және МТК-нің территориялық органдарында, ал олардың көшірмелері күзет бөлімдерінің (бөлімшелерінің) орталықтандырылған күзет пункттерінің ұстаушылар тобының іс-қимыл тәртібі жөніндегі жоспары күзет бөлімдерінің (бөлімшелерінің) кезекші бөлімдерінде, күзет постыларының банк мекемелері мен осы мекемелер қызметкерлерін қорғау бойынша іс-әрекеттер жасау тәртібі - пост күзетшісінде немесе банк мекемелері басшыларында кілтпен жабылатын темір шкафтар мен сейфтерде ұсталынатын арнаулы папкелерде сақталынады. Бұдан басқа, ішкі істер органдарының және күзет бөлімдерінің (бөлімшелерінің) кезекші бөлімдерінде банк мекемелерін күзететін милиция нарядтарының міндетті түрде, ауыстырылып тұратын поролі болуы тиіс.

3. Қорғау жоспарында мынадай мәселелер ескеріледі:

4. Біртұтас шоғырлану жүйесіне кіретін милиция нарядтары, милицияның учаскелік уәкілдері мен МТК-нің тергеу-ізвестіру топтарының (бұдан былай ТІТ) объектіні қорғауға қажетті күштер мен құралдарының есебі; олардың қарулануы, көлік және байланыс құралдарымен, жеке басты қорғау құралдары, арнаулы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

5. Барлық жұмылдырылған күштер мен құралдардың қорғау объектісіне әртүрлі бағыттарда және қысқа мерзімде жетуі ескерілген негізгі және резервтегі маршруттары.

6. Барлық жұмылдырылған күштер мен құралдарды басқаруды ұйымдастыру - милиция нарядтары, МТК-нің қызметкерлеріне, банк қызметкерлеріне, сонымен бірге операция жүргізу аймағында кездейсоқ ұшырасқан азаматтарға қарсы қару немесе басқа да арнаулы құралдарды кездейсоқ қолданудан сақтандыруға бағытталған өзара тану белгілері және де басқа шаралар.

7. Қылмыскерлердің сытылып кетуінің (қашып-құтылуы) ықтимал жолдары, сонымен бірге оларды ұстаудың ең қолайлы орындары.

8. Әрбір нарядтың алдына қойылған міндеттерін және жергілікті жер бедерін

нақты есепке ала отырып, оқиға болған жерге автокөлікті тоқтату және жеке құрамды орналастыру, осы шаралардың орындалу тәртібі.

9. Қорғау жоспарын іске қосу кезіндегі банк мекемелерін қорғау қызметін атқарушы пост күзетушілерінің, сонымен бірге осы мекеме қызметкерлерінің іс-қимылдар жасау тәртібі.

4. Қорғау жоспарына қосымша ретінде мыналар тіркеледі:

10. "Дабыл" сигналы бойынша жіберілетін нарядтардың орналасуын және кірме жолдары белгіленген объектінің орналасу үлгісі.

11. Күзет постылары және ішкі бөлмелердің орналасуы белгіленген объектінің картоспары.

12. Бағалы заттардың сақталынуына жауапты банк мекемесінің басшы қызметкерлері мен лауазымды адамдарының мекен-жайы, үй және қызмет телефондары көрсетілген тізімі.

13. "Дабыл" сигналы бойынша оқиға болған жерге келетін ішкі істер, МТК-нің территориялық органдарының басшы және жауапты қызметкерлерін хабарландыру үлгісі.

14. Оқиға болған жерге ішкі істер органдарының басшылары келіп жеткенше, келген ішкі істер органдары мен МТК-нің барлық күштері мен құралдарына ішкі істер органдарының оперативтік кезекшілері басшылық етеді.

15. Ішкі істер және Мемлекеттік тергеу комитетінің аумақтық органдарының басшылары тоқсанына кемінде бір рет, объектілерге жасалатын шабуылдарға және басқа да құқыққа қарсы іс-қимылдарға тойтарыс беру жөніндегі тәжірибелік әдістерді меңгеру жұмыстарын және оқу-жаттығу сабақтарын жүргізуге, осы жаттығу сабақтарын есепке алып отыруға міндетті.

Аталған мәселелер жөніндегі оқу-жаттығу сабақтары ішкі істер органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінің аумақтық органдарының бірінші басшылары немесе оларды алмастырушы адамдардың бірлескен бұйрықтары негізінде өткізіледі.

16. Банк мекемесі қызметкерлерінің қарақшылық шабуыл жасалынған жағдайда немесе басқа да төтенше оқиғалар кезінде атқаратын іс-қимылдары туралы Нұсқау (Инструктаж) ішкі істер органдарының қызметкерлері мен МТК-нің өкілдерімен бірлесе отырып, осы мекеме басшыларының келісімі бойынша өткізіледі.

5. Күзетілетін банк мекемесінен дабылдық сигнал келіп түскенде Ішкі істер органдары және

Мемлекеттік Тергеу комитеті бөлімшелерінің өзара іс-қимылдар жасау тәртібі

17. Күзетілетін банк мекемелерінде орнатылған дабылдық сигнализация іске қосылған жағдайда және ішкі істер органының кезекші бөліміне "дабыл" сигналы келіп түскенде, оперативтік кезекші, немесе оның көмекшісі бұл жағдай туралы тез арада күзет бөлімдерінің (бөлімшелерінің) және МТК-нің кезекші бөлімдеріне хабарлайды, сонымен қатар ақпараттар есебін жүргізетін журналға (кітапқа) тиісті мәліметтерді жазады.

18. Хабар алынысымен күзет бөлімінің аға күзет инспекторы (кезекші күзет инспекторы), ал күзет бөлімдері жоқ күзет бөлімшелерінде орталықтандырылған күзет пункттерінің кезекшілері объектіге сол объекті орналасқан аймақта (секторда) қызмет атқарушы орталықтандырылған күзет пункттерінің күзет бөлімдерін (бөлімшелерін) бағыттайды.

Орталықтандырылған күзет бөлімдерінің (бөлімшелерінің) ұстаушылар тобы оқиға болған жерге келген соң, объектіні қорғауға алу жоспары бойынша қоршауға алып, ішкі істер және МТК тергеу-іздігіру тобы кезекші бөлімінің милиция наряды келуін күтеді.

19. "Дабыл" сигналы бойынша орталықтандырылған күзет бөлімдерінің (ОКБ) ұстаушылар тобымен бірге объектіге оперативтік кезекші басқарған ішкі істер бөлімінің милиция наряды атанады.

Ішкі істер бөлімі кезекші бөлімінің наряды табельдік ережеге және банк мекемелерін қорғауға алу жоспарына сәйкес қаруландырылып, жеке қорғаныс құралдарымен, басқа да арнаулы құралдармен жабдықталаынады.

20. Ішкі істер бөлімінің оперативтік кезекшісі "Дабыл" сигналы бойынша шыққан мезетте ауыспалы пороль және объектінің жоспар карточкасын өзімен бірге алуға міндетті.

21. Ішкі істер бөлімінің оперативтік кезекшісі объектіге келген соң, қылмыскерлердің сытылып кету мүмкіндіктеріне, күзетілетін аймаққа бөтен адамдардың және автокөліктердің өтіп кетуіне жол бермей, барлық күштер мен құралдарды қорғау жоспарына сәйкес, орналастыруды ұйымдастырады.

Қажет болған жағдайда оперативтік кезекші ішкі істер бөлімінің кезекші бөлімі арқылы объектіге оның қарамағындағы басқа күштерді (өрт сөндіру бөлімі, патрульдік, жол милициясының нарядтары ж.б.) жинақтайды, МТК-нің тергеу іздестіру тобын (ТІТ) шақырады.

Ішкі істер бөлімінің оперативтік кезекшісі сақтық шараларын ескере отырып "дабыл" сигналының түсу себептерін анықтауға шара қолданады.

22. Сигналдың іске қосылу себепін анықтаған соң, оперативтік кезекші шара қолдану үшін ол туралы ішкі істер бөлімінің бастықтарына, МТК-нің аумақтық

органының кезекші бөліміне баяндайды.

23. Объектіге шабуыл жасалынғандығы, немесе оның ғимаратына бөтен адамдардың кіріп кеткендігі анықталынған жағдайда, сонымен бірге банк мекемесін күзетіп тұрған милиция нарядымен (пост күзетшісімен) байланыс жасау мүмкін болмай қалған жағдайда, немесе сигнализацияның іске қосылуын анықтау мақсатымен объектінің ішіне кіру мүмкін болмаса, оперативтік кезекші болған жағдайды МТК-нің аумақтық органының кезекші бөлімі мен ішкі істер бөлімінің басшыларына хабарлайды.

24. Мұндай хабар алысымен, МТК органы бойынша кезекшілік етуші адам табельдік тиістілікке және банк мекемесінің қорғау жоспарына сәйкес қаруланған, жеке басты қорғау және арнаулы құралдармен жабдықталған МТК-нің кемінде 3 адамнан құралған тергеу-ізвестіру тобының нарядын шұғыл түрде жіберуге міндетті.

МТК-нің тергеу-ізвестіру тобының басшысы МТК органының кезекшісінен ауыспалы порольді және объектінің карточка-жоспарын алуға міндетті.

МТК органы бойынша кезекші бұл жайлы бір мезгілде осы іс-қимылдар операциясының жүргізілуіне тікелей қатысушы МТК және ІБ басшыларына хабарлауы тиіс және олардың нұсқауы бойынша арнаулы іс-қимылдар операциясын ("Найзағай", "Сирена", "Тосқауыл" және т.с.с.) жүргізу жоспарларын іске қосады.

6. Күзетілетін банк мекемелеріндегі күзет сигналдары іске қосылған мезеттегі ішкі істер органдары мен Мемлекеттік тергеу комитеті бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау тәртібі

25. Орталықтандырылған күзет пункті (ОКТ) күзет бөліміне (бөлімшесіне) банк мекемелеріне күзет сигнализациясының іске қосылғандығы жайлы хабар келіп түскен жағдайда, кезекші оператор бақылау қағазына тиісті жазба түсіреді де, шұғыл түрде объектіге ұстаушылар тобын жібереді, бір мезгілде бұл жайында күзет бөлімінің (бөлімшесінің) басшысына және ішкі істер органы мен МТК-нің кезекші бөлімдеріне хабарлайды.

26. Күзет бөлімінің (бөлімшесінің) кезекші бөлімінен немесе орталықтандырылған күзет пунктінің кезекші операторынан күзетілетін банк мекемесіндегі күзет сигнализациясының іске қосылғандығы туралы хабар алған ішкі істер органы мен МТК-нің оперативтік кезекшілері, осы Нұсқаудың 3 тарауына сәйкес іс-әрекеттер жасайды.

27. Объектіде қондырылған барлық күзет, дабыл, (өртке қарсы) сигнализациялардың іске қосылу себебі анықталмаған жағдайда, объектіге өтіп

кетудің сыртқы белгілері жоқ болса, банк ғимаратында бөтен адамдар мен қылмыскер табылмаса, материалдық құндылықтардың сақталынуына жауапты банк мекемесінің лауазымды адамдары келіп жеткенше және дабылдық сигнализацияның іске қосылу себептері мәлім болғанша, ТІТ (тергеу-іздігіру тобы) нарядының жетекшісі ІІБ немесе күзет бөлімінің (бөлімшесінің) кезекшісі арқылы объектінің күзетін күшейту шараларын қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ІІЖҚ РМҚ